

# Дипломдық жұмыс

*Қазіргі кезеңдегі әдебиет*

الأدب الحديث

119-43


Махамбетәлі Балнұр

Академик И.Ю.Крачковский  
Орыс араб акедемигі  
(4 (16) марта 1883, Вильна -  
января 1951, Ленинград)



## **Академик Крачковскийдің бізге қалдырған кезеңдер бөлімі:**

- **1-кезең - ағарту кезеңі (1800-1880)**
- **2-кезең – араб публицистика кезеңі (1880-1910)**
- **3-кезең – ерте реализм кезеңі (1910-1935)**
- **4-кезең – қазіргі заман араб әдебиеті (1940-осы күнге дейін) [14;52-б.]**



## ● Кіріспе

- **Жұмыстың сипаттамасы:** Жаңа дәуір әдебиетін зерттеу Шығыстағы араб елдерінің тарихи тағдырлары мен олардың мәдениетінің ерекшеліктерімен байланысты бірнеше мәселелерді зерттеушілердің алдына қояды .
- Ертеректе және ортағасырларда өзінің шырқау шегіне жеткен араб әдебиеті жаңа дәуір тұсында өз дамуында артта қалып, алға кеткен еуропа әдебиетін «қуып жетуге» мәжбүр болды.
- Ортағасырлық мәдениет пен әдеби қоғамның дезинтеграция процесі мен ұлттық әдебиеттің қалыптасуы араб Шығысында мынадай факторлардың ықпалымен жүргізілді. Бірінші жағынан мықты тұрақты ортағасырлық мәдени дәстүрлердің өмір сүруі болса, екінші жағынан әлеуметтік-саяси эволюция қарқынының жеделдетуі мен әлем мәдениетімен байланыстардың әрдайым кеңейе түсуі болды[8;4-б.] Бұл факторлардың арақатынасы , олардың көркем әдебиетке әсер ету деңгейі мен дәрежесі өзгеріссіз болмады. Бірінен-бірі асып түсіп жатты, ал жаңа араб әдебиеті өз дамуының әртүрлі этаптарында дәстүрлі әдебиеттің сарқылмас мазмұны мен әлем мәдениетінен әртүрлі элементтерді меңгеріп отырды.

- **Диплом жұмысының (жоба) өзектілігі:** Жаңа араб әдебиеті бір халықтың жасаған туындысы емес, оны Араб жарты аралы, Марокко, Тунис, Алжир, Иордания, Ирак, Ливан, Сирия, Египет сияқты елдердің халықтары жасаған туындысы. Сондықтан араб Шығысы елдері әдебиеттің дамуына біркелкі үлес қоспаған. Жаңа араб әдебиетінің дамуы барысында Египет, Сирия, Ливан ролінің маңызы өте зор болды [7;16-б.]
- Араб зерттеушілерінің көпшілігі араб елдерінің қазіргі әдебиетін египеттік, сириялық, тунистік және тағы басқаларға бөлмей бір әдебиет ретінде қарастырады. Жергілікті ерекшеліктердің барын мойындай отырып араб әдебиетшілері «Египеттегі араб әдебиеті» (Сириядағы, Ирактағы және т.б.) деген терминді қолданады. Бірақ «египеттік әдебиет», «ирақ әдебиеті» және тағы басқа терминдерді қолдануға мүлдем қарсы шығады. «Египеттік», «Сириялық» анықтамасы әдетте тек жанр түсінігімен тіркесіп қолданылады: египеттік роман, сириялық новелла [7;24-б.]

- **Диплом жұмысының нысаны:**Шын мәнінде бір жағынан араб бірлігінің идеясы, ислам дінінің көпшілік елдерге ортақтығы, араб әдеби тілінің ортақтығы, этникалық жақындығы деген мәселелер бар. Бұл – араб әдебиетінің интеграциялық факторлары. Оған экономикалық және саяси себептерге байланысты араб елдері арасындағы активті миграциялық процестер, мәдени байланыстардың дамуы (фильмдер, радио бағдарламалар, басылымдармен өзара алмасу және т.б.) жатады. Екінші жағынан ХІХ және ХХ жүзжылдықты араб халықтарының тарихи тағдырларында айырмашылық бар. Өзінің ішкі және әлеуметтік-саяси спецификасымен өз алдына жеке мемлекеттердің пайда болуы, диалектілердің өмір сүруі – бұл қазіргі араб әдебиетінің өзінше тез дамып келе жатқан жеке ұлттық әдебиетке апаратын факторлары



● **Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері:** XIX ғ. араб елдерінің тарихи жағдайлар мен әлеуметтік – экономикалық дамуының біркелкі болмауындағы айырмашылық араб әлемі әртүрлі аймақтарында ортағасырлық әдебиеттен қазіргі әдебиетке өту кезеңінде бір жағдайда болмағанын көрсетеді. Көптеген араб елдері үшін XX ғ. Египет әдебиеті еуропа тәжірибесін жеткізуде маңызды роль атқарды. Түрік сұлтаны Абдул Хамид II билеген тұсында Сирия мен Ливанда интелегенцияның жаппай жер аударуы жаңарту қозғалысы біршама кедергіге ұшырады. Бұл Еуропа мен Америка құрлығында эмигранттық әдеби орталықтардың пайда болуына, сол кездегі Египетте әдебиеттің бір жерге шоғырлануына алып келді. Қазіргі кезде Араб Шығысының кейбір елдерінде әдебиет дамуының алдыңғы деңгейін теңестіру, синхронизация тенденциясы байқалады[15;47-б.]

● Жаңа араб әдебиетін зерттеуде маңызды үлес қосқан ғалымдар: Крачковский И.Ю., Крымский А.Е., Оде-Васильева К.В., Султанов А., Долинина А.А., Борисов В., Усманов Н.К., Халидов А.Б., Кирпиченко В.Н., Прожогина С.В. және т.б.

● Араб зерттеушілері арасынан Махмуд Амин әл-Алима, Аббас Махмуд әл-Аккад, Мухаммад Мандур, Джамил Салиб, Мустафа Шакир, Хусейн Муравва және басқаларын айтуға болады.

● Академик И.Ю.Крачковскийдің еңбектерінің маңыздылығын ерекше атап өтуге болады. Орыс және батыс еуропа ориенталистикасы Крачковскийге дейін тек ортағасырлық араб әдебиетін зерттеудің негізгі объектісі деп есептегені белгілі. Орыс ғалымы XIX ғ. екінші жартысынан жаңа араб әдебиетінің дами бастағанын, оның өз бетінше жеке маңыздылығын дұрыс түсініп, жүйелі түрде зерттей бастады. Крачковскийдің ғылыми мұрасы Араб Шығысы елдеріндегі әдеби болмыстарды зерттеудің негізгі тірек көзі болып табылады. Жаңа араб әдебиетінің тарихы туралы материалдарды беру кезінде біз академик Крачковскийдің бізге қалдырған кезеңдерге бөлуін пайдаланамыз:

● 1-кезең - ағарту кезеңі (1800-1880)

● 2-кезең – араб публицистика кезеңі (1880-1910)

● 3-кезең – ерте реализм кезеңі (1910-1935)

● 4-кезең – қазіргі заман араб әдебиеті (1940-осы күнге дейін) [14;52-б.]


● Араб әдебиетінің поэзиясы мен прозасы 18 ғасырдың соңында төмен деңгейде болды. Тек бізге джаһилия дәуірі мен одан кейінгі Ислам кезеңіндегі еңбектер жетті.

● 18 ғасырдың соңынан бастап бүгінгі күнге дейін әдебиеттің дамуына көмегін тигізген, оның әдіс-тәсілдерін көбейтіп, қалыптарын ажыратып көрсететін бірнеше факторлар белгілі болды. Олар өз деңгейінің шарықтау шегіне жетіп, олардың қайраткерлері жарқырап шықты[27;31-б.]

● Әдебиет тарихы — көркем ойдың ғана емес, әдебиет пен оны жасаушылардың болмысымен тамырлас ақыл-пайымның, көзқарастардың, тұжырым-концепциялардың тарихы. Біз аталған кезеңнің рухани келбетін тану үшін осы тарихты зерделедік.



- **Диплом жұмысының теориялық және әдістемелік негіздері:** Сол кездегі араб елдеріндегі араб әдебиетінің қайта өрлеуіне септігін тигізген мына төмендегі маңызды факторларға тоқталып, өз жұмысымызды ашып көрсетуге тырыстық.
- **Диплом жұмысының құрылымы:** Диплом жұмысы кіріспеден, негізгі бөлімнен және қорытындыдан тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі – 61 бет.





**Араб әдебиеті** — араб  
елдерінің, арабтар мен араб  
тілін ана тілі есебінде  
пайдаланған халықтардың  
әдебиеті. Халифат заманында  
(7-9 ғ.)





# Имру-л-Қайс.

Исламға дейінгі поэзия «падишасы»  
атанған ақын.





# Әмір ибн Кулсум

Тағлиб тайпасының өкілі еді.



# БЭДЭУИЛЕР ЭДЕБИЕТІ







# ҚҰРАН КІТАП



# ЕЖЕЛГІ ӘЛИ ИМРАН МЕШІТІ





# Қазақ тіліндегі араб әдебиеті туралы кітаптар






Д. Көптілеуова, Қ. Аубакирова

# ҚАЗІРГІ ЗАМАН АРАБ ӘДЕБИЕТІ

ХРЕСТОМАТИЯ









# КӨНЕ АРАБ ЖАЗУЛАРЫ







# КӨНЕ АРАБ ЕСЕРТКІШТЕРІ



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!**

